

**«Малика» мектепке дейінгі шағын орталығының 2021-2024 оқу
жылдарындағы
Тәрбиелеу-білім беру процесіндегі өзін-өзі бағалау
жұмыстарының қорытынды есебі**

2021-2022 оқу жылында орталық ұжымы төмендегідей нәтижелерге қол жеткізді:

– Мектеп жасына дейінгі балалардың психологиялық ерекшеліктерін ескере отырып, сауықтыру-шынықтыру шараларының жаңа әдіс-тәсілдерін жетілдіріп, күнделікті тәжірибеде тиімді пайдаланды;

– отбасы мен орталықта экологиялық тәрбие арқылы баланың жеке басын, ерік-жігерін, адамгершілік қасиеттерін дамытуға баса назар аударды;

– «қатынас» білім беру саласы бойынша: ана тілінің базалық құндылықтарын меңгерген, мәдени-әлеуметтік өзара қатынасқа дайын, айналасымен еркін қарым-қатынасқа түсе алатын тұлғаны тәрбиелеуге баса назар аударылып отыр;

– «денсаулық» білім беру саласы бойынша: балалардың қимыл-қозғалыс белсенділігін арттыру, денсаулығын сақтау негіздері мен жеке бас гигиенасының дағдыларын қалыптастыруға жағдай жасалынып жатыр;

– көркем шығарма желісіндегі жүйелілікті, әдеби тілдің көркемдігін дұрыс түсініп, баланың тілін дамыту, байланыстырып сөйлеуге үйретуге көңіл бөлінді.

2022-2023 оқу жылындағы тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыру жұмыстарының барысында төмендегі нәтижелерге жетті.

– Балаларды дене, ақыл-ой, сезім, тілдік, адамгершілік, еңбекке тәрбиелеудегі педагогикалық ықпалдың тиімділігін арттыру, салауатты өмір салтын ұстануға тәрбиелеуге басым көңіл бөлінді;

– Бейнелеу өнеріне балаларды баулу, іскерлік дағдыларын жетілдіру, көркемдік талғамын дамытуда балалардың бейнелеу іс-әрекеті жүйелі жүргізілді;

– Отбасылық бала тәрбиесі дәстүрлерін, халықтық педагогика негізінде ұлттық құндылықтармен байытуда ата-аналармен педагогикалық ынтымақтастыққа қол жеткізілді;

– Баланың жеке басын дамытуда, өзіндік санасының негізін, жеке даралығын, әлеуметтенуін қалыптастыруға ықпал ету көзделді;

2023-2024 оқу жылындағы тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыру жұмыстарының барысында қол жеткізіліп жатқан нәтижелер:

– мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік бағдарламасы мен білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты мен жаңа бағдарламаларын орталықтың тәрбие мен білім беру үдерісінің бағыттарымен үйлестіре жүргізілуде;

– тәрбиеленушілердің өмірін қорғау және денсаулығын нығайту, салауатты өмір салты негіздерін, қауіпсіз өмір сүру дағдыларын қалыптастыру;

- тәрбиеленушілердің қимыл-қозғалыс, бейімделу, коммуникативтік, эмоционалдық, әлеуметтік, когнитивтік дағдыларын қалыптастыру;
- Отанды, ана тілін сүйуге, ұлттық біргеілік пен азаматтық негіздеріне және патриотизмге баулу;
- баланың мектепке оқуға физикалық, психологиялық, эмоционалдық, әлеуметтік дайындығын қалыптастыру және тең бастапқы мүмкіндіктер беру.

Орталықтың белгіленген әр жылдардағы мақсаттарын жүзеге асыру бағытында өзін-өзі бағалау жұмыстары өткізіліп, әр мақсаттың орындалу барысындағы жетістіктер мен кемшіліктер аталып, талданды және де арнайы жеке, топтық кеңестер, семинарлар педагогикалық сағаттар, ата-аналарға арналған жиналыстар, экскурсиялар, әр түрлі сайыстар, ашық көрсетілімдер жоспарға сәйкес өткізілуде.

Белгіленген мерзім бойы өткізілген жұмыстар, кеңестер, семинарлар, педагогикалық сағаттардың нәтижесінде өткізілген ұйымдастырылған іс-әрекеттерінде тәрбиешілер өздерінің білім-біліктерін, шығармашылықтарын көрсетіп келеді. Орталықтың тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыру жұмыстары жаңарып, әр баланың дамуы, жетілуі ұйымдастырылған іс-әрекеттері барысында байқалып отыр.

Ал, жан-жақты жетілген тұлғаны қалыптастыру, барлық тәрбие жұмыстары тіл арқылы жүретіндіктен, тіл мәселесіне көп көңіл бөлінді. Балалардың тілін дамытуда тәрбиешілер жаңа технологиялар мен әдіс-тәсілдерді тиімді қолданып, түрлі көрнекіліктерді, дидактикалық ойындарды жасап, баланың ана тіліне деген қызығушылықтарын арттыру үшін көптеген жұмыстар атқаруда.

Тексерудегі мақсаттарды игеру бағытында төмендегі тақырып бойынша арнайы кеңестер өткізілді: «Қазақ этнопедагогикасы негізінде патриоттық тәрбие беру», «Қазақ ертегілерін сахналау» т.б. жасалған жұмыстар нәтижесінде балалардың ұлттық салт-дәстүрге деген сүйіспеншілігін арттыру үшін көптеген жұмыстар жүргізілді.

Балаларды қоршаған ортамен және қоғам өмірімен таныстыру мақсатында: жыл мезгілдеріне сәйкес, саябақтарға саяхаттар жасалынды. Ересек адамдардың жұмыстарының түрлерімен таныстыру мақсатында «Дүкенге», «Құрылысқа», «Кітапханаға», «Мектепке», «Поштаға» атты саяхаттар сурет салу, бейне жазбаларды көру арқылы ұйымдастырылды. «Менің көшем» атты серуендер, «Бағдаршам», «Жол ережелерін білейік», «Қызыл, сары, жасыл» атты ойындар балалармен өткізілуде.

Орталықта бүлдіршіндердің денсаулығын нығайту және салауатты өмір салтын күнделікті өмірде қалыптастыру, тәрбиелеу-білім беру жұмыстарында әр баланың психологиялық ерекшеліктеріне көңіл бөлу. Осы бөлім оқу жылы бойы күн тәртібінен түскен жоқ.

Денешынықтыру әр топтың жас ерекшеліктерін ескере отырып, ұйымдастырылған іс-әрекеті дәстүрлі, дәстүрден тыс әдістермен өткізіледі. Ата-аналармен, балалармен бірігіп неше түрлі спорттық ойындар, мерекелер өткізу дәстүрге айналған, оларда балалардың барлығы да жоғары деңгейде

денелерінің дамығандарын, дендерінің саулығының көрсеткіштері деп түсінеміз.

Бүлдіршіндерге қоршаған ортамен танысу, оларда жас кезінен бастап туған елін, жерін сүю, аялауға тәрбиелеу ең басты мәселелердің бірі. Сондықтан да орталықтың ауласында әр топ табиғат аясындағы өсімдіктер, құрт-құмырсқалар, гүлдер, ағаштармен танысып, табиғат аясында еңбек етіп, сол бақта қызықты ойын ойнап, құм мен су орталығында әр түрлі тәжірибелер жасайды.

Әр топтың бөлінген үлескілері көгалдандырылуда, құм сауытта құм жеткілікті. Құммен, сумен ойнайтын, қимылды ойындарға айналған ойыншықтардың жеткілікті болуларына тәрбиешілер мен ата-аналар көп көңіл бөлуде.

Мерекелік ертеңгіліктер, апталық күндер, тақырыптық көрмелер, ойын-сауық кештері, қуыршақ театрлары көрсетілді. Келешекте жауапты адамдардың осы көрсетілген шаралардың өз уақытында, жоғары деңгейде өтуіне назар аударылуда.

Оқу жылының аяғында мектепке даярлық топ балаларына мониторинг жүргізіліп, балаларымыздың мектепке жан-жақты дайындығы тексеріліп отырылады.

Орталық өміріне ата-аналар да белсене қатысты, оның айғағы балалар мен ата-аналар қатысқан «Ән көңілдің ажары», «Наурыз тойы», «Айт мерекесі», «Халқым қандай десең, салтымнан таны» және әр баланың бойындағы туа біткен қасиеттерін дамыту бағытында жұмыстар жүргізілуде. Орталық баланың тілі мен туған ел, жеріне деген сүйіспеншіліктерін дамыту бағыты да жоспардан тыс қалмады. Өткізілген ашық ұйымдастырылған іс-шаралар, ойын-сауықтар, сайыстардағы, балалардың мінез-құлқы, іс-әрекеттері, қарым-қатынастарына ата-аналар өте жоғары баға берді.

Педагогикалық ұжым тарапынан кемшіліктерді жою мен өзгеріс жасауға болатын төмендегідей маңызды факторларды атап айтуға болады:

- балаларға арналған арнайы дамытушы ортаның жабдықталуы және оңтайлы мүмкіндіктердің жасалуы, тәрбиелеу мен білім беруде жеке тұлғаның қажеттіліктерін ескеріп отыру;
- мектеп жасына дейінгі балалардың өмірі мен іс-әрекеттерін ұйымдастыруда арнайы мамандармен қамтамасыз ету және материалдық базаны, әдістемелік қорларды нығайту;
- білім беру үдерісінің санитарлық-гигиеналық шарттары мен медициналық - сауықтыру бағыттарына баса көңіл бөліп, тәрбиелеу- білім беру процесін ұйымдастыруда психологиялық қолдау көрсетілуі;
- педагогтардың кәсіби құзыреттілігін жетілдіріп отыру;

Ұйымдастырылған жұмыстардың жетістіктерімен қоса кемшіліктері талданып, мәселелерді шешудің төмендегідей жолдары қарастырылды:

– тіл дамыту, көркем әдебиет сабақтарына, балалардың сөйлеуіне, көңіл аударылуы керек;

– балаларды халықтық салт-дәстүр негізінде жаңа әдіс-тәсілдерді қолдана отырып, балалардың ой-қиялын, тілін дамытуды жетілдіре түсу қажет;

– педагог тәрбиешілер өз біліктілігіне сай қызмет атқарып, біліктілік санаттарын көтеріп отыруы керек.

Өзін- өзі бағалау біліктілікті бағалауға құрылған тексеру комиссиясының шешімі

Біздер, төмендегі өзін- өзі бағалау комиссиясы

1. Сеитжан А.Д. – комиссия төрайымы, орталық меңгерушісі;
2. Атакузыева Г.А.- комиссия төрайымының орынбасары, тәрбиеші;
3. Омарова Г.Т.- комиссия мүшесі, есепші.

Орталықтың тәрбиелеу- білім беру процесін ұйымдастыруда өзін- өзі бағалау жұмысын тиянақты тексере келіп, төмендегідей шешімге келдік:

«Малика» мектепке дейінгі шағын орталығында балалар дамуына оңтайлы жағдайлар жасалынған, тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыруда психологиялық және медициналық сапалы қолдау көрсету арқылы жүзеге асырылуда, орталықтың даму бағдарламасы тиімді жоспарланған.

1. Орталықта баланың тілін дамытуға баса назар аударылған, дамыту орталықтары құрал- жабдықтармен қамтамасыз етілген.
2. Мектепке дейінгі білім берудің мазмұны инновациялық бағдарламалар мен жаңа педагогикалық технологияларды тиімді пайдалануда.
3. Орталықта тәрбиелеу- білім беру процесі балалардың физикалық, психологиялық және ой-өрісінің даму деңгейіне қарай жүргізілуде.
4. Орталықта тәрбиешілер, ата-аналар мен басқа да мамандардың бірігіп педагогикалық ынтымақтастықта қызмет жасауы жақсы жолға қойылған.